

БЕКІТЕМІН

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы
Меңгеруші *М. М.* Куршенова Г.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Жұлдыз»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 10.11 - 14.11.2025ж.

Педагогтің аты-жөні *Сиртеуова Ғ*

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ. (Әбіш Кекілбаев)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) “Көңіл күй”	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Кел, достарым, келіндер! Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» (шығармалышық іс-әрекет) Күйді қосып, балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу.	"Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқы аздығының қандай зияны бар?"	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	«Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Өсімдіктерді құнарландыру" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, топырақтың құнары біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Сөрелер үстін сұрту" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу; сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю, таза күйінде кептіруге ілу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. STEAM: «Өзіңе жұп тауып ал, сынақтан өт» ойын жобасы. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сұрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру, орнына қою, тізу) (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын, сапалары мен қасиеттерін сипаттап, жөндеуді қажет ететін кітаптарды ретке келтіруге ынталандыру (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану); ұқыптылыққа, тазалыққа, тәртіптілікке, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға	«Ұлттық сезім» күні. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі" (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. Үстел үсті ойыны. "Дойбы" (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін,

	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. «Қай жануар, қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жануарлардың қалай дыбыстайтынын және оларды бір-бірінен ажыратып, дауыстарына еліктеп қайталауды үйрету. Ойлау, еске сақтау, естуді дамыту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.	https://bilimkids.kz/steam/37?l=2 Сөздік-қимылды жаттығу (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөз өнеріне баулу, артикуляцияны, тыныс алу органдарды дамыту; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту. «Үй» Қазықтарды қададым, Кірпіштерді қаладым. Салып алып үлкен үй, Сүйсініп көп қарадым. (Екі қолдың саусақтарын түзу ұстап, бір-бірінің үстіне қойып, кірпіш қалағандай қимыл жасау. Екі қолдағы кішкентай саусақтар мен бас бармақтарды бүгу, қалған саусақтарды бір-біріне тигізіп, үй жасау) «Көлеңке иесін танып, ата және не білетініңді айт» сөздік жаттығуы. Жануарлар. (танымдық іс-әрекет,	төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті арттыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Tigtag Junior. Динозаврлар (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) https://bilimkids.kz/media/video/dinozavrlar «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмандануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау,	және құрметпен қарауға тәрбиелеу. Драматизациялық ойын. «Орман жануарларының шытырман оқиғалары» ойыны (шығармашылық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сахналық қойылымдарға қатысуға, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. Балалардың ойлау, қиял, сөйлеу, шығармашылығын дамыту; оқиға желісін бірлесіп ойнап шығуды үйрету, бір-біріне мейірімділік таныту, көмектесу, құрметтеуге тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/regime-process/3040?l=24&l=35 Tigtag Junior: Жануарлар қалай қозғалады? (танымдық іс-әрекет,	зейінін дамыту. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Санамақтар Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. Tigtag Junior Құндыздың күркесі (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) https://bilimkids.kz/media/video/qundyzdyn-kurkesi
--	--	---	---	---	---

	Ойын шарты. Тәрбиеші үй жануарларының суретін көрсетіп, олардың не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды. Мә-ә-ә-ә! Сиыр мөңірейді. Мө-ө-ө-ө! Жылқы кісінейді. Ио-о-о-о! Түйе боздайды. Бө-ө-ө-ө! Ешкі бақырады. Бә-ә-ә-ә! Tigtag Junior: Жануарлар қайда мекендейді? (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) https://bilimkids.kz/media/video/zanuarlar-qalaid-mekendeidi	қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-мінжеттері. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.	олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.	қарым-қатынас іс-әрекеті) https://bilimkids.kz/media/video/zanuarlar-qalai-qozgalady	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен түсіру,	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен түсіру,	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен түсіру,	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу. 2-оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен

[illegible]

	тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2-оңға иілу. 3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.	адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2-оңға иілу. 3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.	тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2-оңға иілу. 3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.	адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2-оңға иілу. 3-түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.	жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. Осы жаттығуды сол аяқпен бастап жасау.
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.	Салт-дәстүр. Ауыз тию. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркемсөз Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң, судай бол, Бәрін жуып кетірген.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркемсөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Бата беру Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің. Ықыласпен қол жайсаң, Көп тілекті төгейін. Дастарханың мол болсын, Уайым қайғың жоқ болсын. Сұрағаның алдыңнан

			Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген.		Іздемейақ көп болсын. Әумин.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жабайы аңдар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: жабайы аңдар, адамның жануарларды күту жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: С. Бегалин, Р. Киплинг әңгімелері; Т. Дәуренбеков "Көжек", Н. Сералиев "Тәртіпсіз лақ", М. Дулатов "Үй хайуандары", А. Байтұрсынов "Жыланның басы мен құйрығы". "Күй күмбірі": "Аққу" - Н.Тіленді (орындаған Айгүл Үлкенбаева) https://kitap.kz/music/2/aygul-ulkenbaevanyng-oryndauyndagy-kuyles «Өнегелі»: Тақырыбы: «Адалдық алаңы». Мақсаты: балаларда адалдық ұғымын қалыптастыру, оның не екенін және не үшін маңызды екенін түсіну. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге , өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Санамақтар айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту. Қасқыр қақты қақпаны. - Ашыңдар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар, Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына керует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде?	"Қажетті киімді ал" ойын-жаттығуы. (таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киімді таңдау. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Бала санына қарай қуыршақтар мен	Сәлемдесу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін!	«Суреттерді орналастыр» ойыны. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	«Көзіңді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

		олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.			Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Ойынның мазмұны. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған жасырынған заттардың қасиеттерін, затқа қарамай, анықтауға мүмкіндік беру.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысымен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қазақ тілі Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі. Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру; қала мен ауылдың	Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысын қайталау". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысын айтуды үйрету, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту, жаздыру. Математика негіздері "Жабайы аңдардың санын қалай санаймыз?" Балалардың ұғымында жеті саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу	Математика негіздері "Жабайы аңдардың санын қалай санаймыз? (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «жеті» саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атау білігін дамыту. «Жеті» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «алты» мен «жеті» сандарының көрнекілік негізінде, заттарды бір-біріне беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда	Математика негіздері "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" Балалардың ұғымында «жеті» саны мен цифры туралы түсініктер қалыптастыру, оны тану, дұрыс атай білу іскерлігін жетілдіру. Жетіге дейін жылдам түрде тура және кері санауға жаттықтыру; көру, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға, мейірімділікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	Сауат ашу негіздері Т, У, Ш дыбыстарын қайталау. Дыбыстық талдау. Мақсат-міндеттері. Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Мүсіндеу "Күзгі саябақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру; мүсіндеу техникаларын жетілдіру.

көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-кұлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін үшке (жер, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Мен епті баламын" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйретуді пысықтау. Қоршаған әлеммен таныстыру "Ұшақ туралы әңгімелер". Мақсат-міндеттері.	іскерлігін жетілдіру. Жеті жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «6» мен «7» сандарының көрнекілік негізінде, заттарды бір-біріне беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; жабайы табиғат және ғарыш әлемі, кеңістік ұғымдарын жетілдіру; логикалық ойлау қабілетін дамыту; табандылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Музыка "Музыкалық сағат". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету. Тіл дамыту "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі".	болуын көрсете білу қабілетін дамыту; «жеті ата» шежіресі туралы, Қазақстанды мекендейтін жабайы аңдар туралы түсініктерді бекіту; логикалық ойлауды дамыту; Отанға сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Қазақ тілі Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-к], [-ғ] дыбыстары және Қ қ, Ғ ғ әріптерімен таныстыру. Қ қ, Ғ ғ әріптерін ауада жазып көрсету; [-к], [-ғ] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-к], [-ғ] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің	Тіл дамыту "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау. Музыка "Ертегілер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қазақстан табиғатын қорғайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстандағы жануарлар әлемі жөнінде білімдерін тиянақтау; еліміздегі және өзге жерлерде мекен еткен жануарлардың тіршілік ерекшеліктері жыл мезгілдерінде құбылыстарға байланысты екенін түсіндіру; Қазақстанның	Дене тәрбиесі "Мергендікті шыңдайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету. Көркем әдебиет «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйрету. Ертегі мен әңгімені ажыратуды түсіндіру. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ертегі арқылы достыққа, адалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу.
---	--	--	--	--

	Балалардың көлік түрлерінің қызметі туралы білімдерін тиянақтау; алғашқы ұшақ қалай пайда болғаны жайлы тарихтан білім беру арқылы балалардың өнертапқыштық қасиеттеріне жол ашу; ойын ойнату арқылы көліктің түрлерін тануды бекіту.	Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.	басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Дене тәрбиесі "5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқты лақтыру" Мақсат-міндеттері. Балаларға 5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыруды үйрету. Көркем әдебиет "Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» әңгімесін оқу" Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» атты шығармасымен таныстыру; мағынасы ұқсас және мәні қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсіндіру, оларды сөйлеуде	Қызыл кітабына енген жануарлар туралы түсініктерді қалыптастыру.	
--	--	--	---	---	--

			қолдануға машықтандыру; әңгіменің негізгі идеясын түсінуге, қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі араздық пен татулық, бірлік туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; өз ойларын еркін жеткізуге, ойды дәлелдей алу біліктерін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; ұйымшыл болуға тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау.		
2-ші таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде жүру ережелеріне баса назар аудару. Тәрбиеші көшедегі жағдайды өзі таңдайды. 4. Балалар өздері киінеді. Тәрбиешінің немесе басқа баланың көмектесуіне болады. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Күзгі ауа райын бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Қарғаны бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Итті бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Сауысқанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-	Қайың мен шетенді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттері. күз мезгіліндегі тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Балаларға жан-жағына қарап, айналаны бақылап, күздегі және бүгінгі ауа райының күйі туралы айтуды ұсыну. Күз — Қалқаман Сарин Күңіренген, күрсінген күздің ауыр, Мінезіне үйренген біздің ауыл. Бұйра шаңын көтеріп қырат-қырдың, Берекесін бір сәтте бұзды дауыл. ***	әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне қызығушылықтарын арттыру. Қарға Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса, қор болар, Бұтаға келіп қорғалар. Қысып кетсе сары аяз, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Қапелімде қолға алар. Екі шоқып бір қарар, Деп «жолымды аңғарар». «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, мән-мағынасын түсінуге, есте сақтауға, сөйлеуде қолдануға көмектесу. Балалар иттің сыртқы ерекшеліктерін, қимылдарын байқап, айтып болған соң, адам итті не себептен асырайтынын сұрау; итке қамқорлық жасағанда белгілі тәртіпке бағыну ережелерін талқылау, жауапкершілік туралы ескерту. Халық аузында ит туралы айтылатын мақал-мәтелдермен танысу, мағынасын түсіну. Иттің құны – бір күшік. Итін жамандасаң,	әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Тұманбай Молдағалиев "Құстар" (үзінді) Алманы қарға шоқиды, Көкқұтан кітап оқиды. Ұшып кеп ағаш басына, Ала сауысқан қоқиды. Кеңесжан Шалқарұлы "Сауысқан" Ала қанат сауысқан, Қырда ұшқан, Тауда ұшқан. Шықылықтап жүріп бұл, Жер сырына қаныққан. Ұстап алып шартымен, Бақыласаң әр күн сен, Саған пайда береді, Қоректеніп алтынмен. Сөйтіп, әлгі қанатты, Алтын кенін табады.	Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайың, шетен ағаштары, туралы білімдерін тиянақтау; суық түскен кезеңдегі ағаштарға тән белгілерді атауға, сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсінуге көмектесу; жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, адам, құстарға пайдалары туралы қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас,
---	--	---	--	---

Жер тәуелді күн-патшайымына, Адам, аң, құс қуанады күннің әрдайымына. Жер бетіндегі тіршілік мәңгі байланысты Оттай күннің әсерлі салмағына. Жасасын күннің ғажайып жарығы! Жасасың Күн мен Жердің мәңгі татулығы! (Д.Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: үлеске еденіне түскен ұсақ қоқыстарын жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.	тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ"	Иесіне тиеді. Иттің жатқан жері – төсегі. Ит арық болса Ауылдың намысы. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда	«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда	Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен – түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру;
--	---	--	--	--

Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту. "Бос орын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа аттап секіру, жылдам жүгіру қимылдарын жетілдіру; ойын ережесіне ойнай білуді, шапшаңдықты, жылдамдықты, ептілікті дамыту. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)	тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр),	жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: – Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)	жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда	қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. «Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартын бұзбай (доппен) ойнауға, жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала «аңшы» болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар – «қояндарды» сомдайды. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре
---	--	---	--	--

	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, еңбектеу жаттығулары.	белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: аяқтың ұшымен жүру. Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту.	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Лақтыр да, ұстап ал". Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту.	бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл түсір". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту.	білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
Серуеннен	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.				
